


**«Мың бала» Ұлттық олимпиадасы аясындағы
5-сынып оқушыларына арналған
компьютерлік тестілеу тапсырмаларының үлгілері**

МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Эверест тау шыңын бағындырмақ болған топ спортшылардан, жол көрсетушілерден және жүк тасушылардан құралды. Олардың сандарының қатынасы диаграмма түрінде берілген. Егер спортшылар саны 18 болса, онда жүк тасушылар саны қанша болады?



- A) 60
- B) 36
- C) 22
- D) 6

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

1-мәтін

Шоколад

Пайдасы	Зияны
<ul style="list-style-type: none">• Шоколад мидың қызметін белсенді ете түседі.• Құрамында какаоның пайыздық үлесі жоғары болатын қара шоколадты күнделікті тұтыну асқазан жарасы ауруларына қарсы тұрады.• Қара шоколадтың құрамындағы кальций, магний сияқты минералды заттар жүйке жүйесі мен бұлшықет жұмысын жақсартады.	<ul style="list-style-type: none">• Шоколадты мөлшермен жемесе, оған тәуелділік пайда болуы мүмкін.• Шоколадты тым көп мөлшерде пайдаланғанда ғана оның зияны қатты болады.• Ол артық салмақтың пайда болуына әсер етеді.

1. Ұзақ уақытқа созылатын жазба жұмысына шоколад алып баруға болады, себебі

- A) құрамында көптеген минералдар бар
- B) шоколад ойлау әрекетін жақсарта түседі
- C) минералды заттар адам ағзасына тез сіңеді
- D) бұлшықеттердің жұмысын жақсарта түседі

2. Мәтін мазмұнына қай тұжырым сәйкес келеді?

- 1) Шоколадты тым көп жей берсе, адам толыса бастайды.
 - 2) Шоколадты мөлшермен пайдаланса, оның кері әсері жоқ.
- A) екеуі де дұрыс
 - B) екеуі де бұрыс
 - C) біріншісі дұрыс
 - D) екіншісі дұрыс

3. Ас қорыту жүйесінің жұмысын жақсарта түсу үшін қандай шоколадты тұтынған дұрыс?

- A) какаоның мөлшері көп шоколад
- B) кальцийдің мөлшері көп шоколад
- C) магнийдің мөлшері көп шоколад
- D) минералды заттарға бай шоколад





КЕҢІСТІКТІК ПІШІНДЕР ЖАЗБАСЫ

Тестің бұл бөлімі сіздің ойыңызда фигура бетінің жазбасын бүгіп, үш өлшемдегі қорапты жасау қабілетіңізді өлшейді. Осындай процесс төменде төрт қадамнан тұратын үлгіде көрсетілген.

1-қадамда фигура бетінің жазбасы берілген. Тұтас сызықтар жазбаның жиектері болып табылады. Үзік сызықтар 4-қадамда көрсетілген қорапты жасау үшін жазбаны бүгетін жерлерінде (2-қадамда және 3-қадамда) белгіленген.



Тілше белгісі фигура жазбасында және жиналған қорапта бірдей жерді көрсетіп, бір-біріне сәйкес келеді.

Сіздің тапсырмаңыз фигура бетінің жазбасындағы санмен көрсетілген әр сызықты қораптың әрбір қырында берілген әріппен сәйкестендіру болып табылады. Берілген үлгіде 1-сызық Д қырымен, 2-сызық А қырымен, 3-сызық И қырымен, 4-сызық Е қырымен және 5-сызық А қырымен сәйкес келеді. 2-сызық пен 5-сызық қораптың А қырына сәйкес келетініне назар аударыңыз.



Фигура бетінің жазбасындағы санмен көрсетілген әрбір сызықтың жиналған қорапта қай қыры болатынын табыңыз.


Әрбір жауапқа арналған жолдарда «жұлдызша» («*») жауабы бар. «*» жауабын берілген фигура бетінің жазбасындағы сандар жиналған қораптағы әріптермен сәйкес келмеген жағдайда таңдайсыз.




МЕНТАЛЬДІ БҰРУ

Тесттің бұл бөлімі сіздің ойыңызда блоктарды кеңістікте айналдыру қабілетіңізді өлшейді. Төменде 6 сурет көрсетілген. Үстінгі сол жақ бұрышта орналасқан суретте блок моделі берілген. А, В, С, D және Е әріптерімен белгіленген басқа бес суреттің ішінде біреуі блок моделінің кеңістікте айналдырылған түрі болып табылады. Қалған суреттерде басқа блоктар көрсетілген. Сіздің тапсырмаңыз А, В, С, D және Е әрпімен белгіленген суреттердің ішінен блок моделінің кеңістікте айналдырылған түрін табу болып табылады.

Мысалы:



Берілген мысалдың дұрыс жауабы – А.



A



B



C



D



E

YS

ЖАУАПТАР:

Математикалық сауаттылық:

В

Оқу сауаттылығы:

1) В

2) А

3) А

Көңістіктік пішіндер жазбасы:

1=В; 2=И; 3=В; 4=Ж; 5=А.

Ментальді бұру:

В

ҮЛГІ